

Болон процесі және академиялық ұтқырлығы
орталығы директорының м.а. 2022 жылғы
16 мамырдағы № 648 н/қ бұйрығына
1-қосымша

**«Тізілімге БББ қосу»
модулі пайдаланушысының нұсқаулығы
(ЖЖОКБҰ өкілі үшін)**

Нұр-Сұлтан, 2022

Терминология, қысқартулар және белгілер

Авторизация – белгілі бір адамға немесе адамдар тобына белгілі бір әрекеттерді орындау құқығын беру; сондай-ақ осы әрекеттерді орындау кезінде осы құқықтарды тексеру (растау) процесі.

Аутентификация – бұл пайдаланушының немесе деректердің заңдылығын тексеру процедурасы, мысалы, пайдаланушы енгізген парольдің дерекқордағы парольге сәйкестігін тексеру немесе хаттың сандық қолтаңбасын шифрлау кілті бойынша тексеру немесе файлдың тексеру сомасын автор мәлімдеген файлға сәйкестігін тексеру.

Пайдаланушы – жүйедегі рөліне сәйкес белгілі бір функционалдылық жиынтығымен жүйеде жұмыс істеуге құқығы бар жүйенің пайдаланушысы.

ЖЖОКБҰ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы.

АЖ - ақпараттық жүйе.

ЖЖОКБҰ АЖ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының ақпараттық жүйесі.

ЖБББЖ - жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі.

Тізілім – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімі.

БББ - білім беру бағдарламасы.

ДБ - деректер базасы.

ОН - оқыту нәтижесі.

Мазмұны

Терминология, қысқартулар және белгілер.....	2
1-тарау. Жалпы мәліметтер.....	4
2.1. Қолданылуы	4
2.2. Алғышарттар	4
2-тарау. Жұмысқа дайындық.....	5
2.3. ЖБББЖ АЖ авторизациялау.....	5
3-тарау. Функционалдық мүмкіндіктердің сипаттамасы.....	6
2.4. «Өтінімдерді беру» бөлімі.....	6
2.4.1. Бөлімнің негізгі бетінің сипаттамасы.....	6
2.4.2. «Тізілімде БББ жаңарту» түрі бойынша өтінім беру.....	7
2.4.3. Тізілімге БББ қосуға жасалған өтінім бетінің сипаттамасы.....	13
2.5. «Білім беру бағдарламалары» бөлімі.....	14

1-тарау. Жалпы мәліметтер

2.1. Қолданылуы

Бұл модуль тізілімге БББ қосуға өтінім беруге арналған.

Модульдің функционалдық мүмкіндіктері:

- ЖЖОКБҰ тізілімге БББ қосуға өтінім жасау және жіберу (БББ және пәндер тізімі ЖЖОКБҰ АЖ беріледі);
- Берілген өтінімдерді қарастыру мәртебесін қадағалау және өтінім мәртебесінің өзгеруі туралы хабарлама алу;
- Оператор не Сарапшы түзетуге қайтарған өтінімдерді редакциялау және түзетулер ескеріліп, өтінімді қарастыруға қайта жіберу;
- Тізілімге қосылған ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының төлқұжаттарын көру.

Тізілімге БББ қосу тәртібі:

- ЖЖОКБҰ тізілімге БББ қосуға өтінімді толтырады және Операторға қарастыруға жібереді
- Өтінімді қарастыруға жібергеннен кейін Оператор өтінімді өңдеуді жүзеге асырады. Содан кейін ол келесі шешімдерді қабылдай алады:
 - a) БББ пысықтауға ЖЖОКБҰ қайтару;
 - b) Сарапшыларға сараптамаға жіберу.
- Сарапшылар оған жіберілген БББ сараптамасын жүзеге асырады. ОН қолжеткізушілік дәрежесін анықтайды. Сарапшы келесі шешімдерді қабылдай алады:
 - a) БББ түзетуге ЖЖОКБҰ қайтару;
 - b) Растау, БББ тізілімге қосылуы мүмкін екендігін білдіреді.
- Сараптамадан кейін Оператор Комиссия шешімі негізінде Тізілімге БББ қосуға арналған өтінімді түпкілікті өңдеуді жүзеге асырады. Бұл кезеңде Оператор келесі шешімдерді қабылдай алады:
 - a) Тізілімге қосу;
 - b) Қабылдамау.

2.2. Алғышарттар

ЖЖОКБҰ Тізілімге БББ қосуға өтінім беру үшін ЖЖОКБҰ уәкілетті қызметкерлері мынадай шараларды орындауға тиіс:

1. Барлық БББ ЖЖОКБҰ АЖ енгізілген және интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖБББЖ АЖ берілген;
2. БББ оқу жоспарлары ЖЖОКБҰ АЖ енгізілген және интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖБББЖ АЖ берілген;
3. ЖЖОКБҰ АЖ Тізілімге қосу үшін берілетін БББ оқу жоспарларына енгізілген барлық пәндер бойынша қысқаша ақпарат көрсетілген.

2-тарау. Жұмысқа дайындық

2.3. ЖБББЖ АЖ авторизациялау

Жүйенің Пайдаланушы бөлігінде авторизациялау үшін ЖБББЖ АЖ сайтына сілтеме бойынша өту қажет. Жалпыға қол жетімді бетте жоғарғы оң жақ бұрышындағы «Кіру» батырмасын басыңыз. Авторизация бетінде жүйе пайдаланушының логині мен паролін енгізу мүмкіндігі бар авторизация панелін көрсетеді (Сурет 1).

Сурет 1. Авторизациялау беті

Авторизациялау кезінде жүйе мыналарды тексереді:

- 1 Енгізілген логиннің өзектілігі (электрондық пошта мекенжайы);
- 2 Енгізілген логин мен парольдің дұрыстығы. Логин мен пароль дұрыс енгізілмеген жағдайда, жүйе қате туралы «логин немесе пароль дұрыс емес» хабарламасын көрсетеді және жүйеге кіруге тыйым салады.

Сәтті авторизациядан кейін жүйенің басты беті әдепкі қалпы бойынша көрсетіледі.

3-тарау. Функционалдық мүмкіндіктердің сипаттамасы

2.4. «Өтінімдерді беру» бөлімі

2.4.1. Бөлімнің негізгі бетінің сипаттамасы

«Білім беру бағдарламалары тізіліміне өтініштерді беру» модулі қосылған жағдайда, негізгі мәзір тізімінде пайдаланушының рөліне «БББ тізілімі» модулі қолжетімді болады, оған жүгінген кезде «өтінімдерді беру» ішкі модулі бар ашылмалы тізім көрсетілуі тиіс. Ішкі модуль атауы бойынша ауысқаннан кейін модульдің негізгі беті көрсетілуі тиіс. Бұл бөлім Тізілімге қосу үшін құрылған/берілген ЖЖОКБҰ өтінімдерінің тізімін қамтиды. Авторизацияланған пайдаланушы ЖЖОКБҰ қызметкері болып табылатын ЖЖОКБҰ өкілдері үшін аталған ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламалары төмендегі бағандар бойынша қолжетімді болады:

- *Білім беру бағдарламасының атауы* - ЖЖОКБҰ тізілімге қосуға берілген тиісті білім беру бағдарламасының атауы.
- *БББ түрі* - өтінімді жасау кезінде көрсетілген БББ тиісті түрі көрсетіледі;
- *Өтінім түрі* - ЖЖОКБҰ берілген өтінім түрінің атауы.
- *Мәртебе* - тиісті өтінімді қарастырудың ағымдағы мәртебесі.
- *Өтінім берілген күн* - өтінім операторға жіберілген күн. Егер өтінім сақталған, бірақ берілмеген болса, баған бос көрсетіледі.

Жазбаларды сұрыптау үшін іздеу сүзгісі келесі параметрлер бойынша берілген:

- *Іздеу* – мәтін өрісі. Енгізілген символдар бойынша білім беру бағдарламаларының атауы бойынша іздеу мүмкіндігі қарастырылған;
- *БББ түрі* – мәндері бар анықтамалық (әдепкі қалпы бойынша – барлығы):
 - a) *Қолданыстағы БББ*;
 - b) *Жаңа БББ*;
 - c) *Инновациялық БББ*;
 - d) *Барлығы* – осы мәнді таңдағанда, жүйе барлық көрсетілген іздеу параметрлерінің критерийлерін қанағаттандыратын барлық тиісті өтінімдердің тізімін көрсетеді;
- *Өтінім түрі* - өтінім түрлерінің атауларының тізімі (әдепкі қалпы бойынша - барлығы):
 - a) *Тізілімге БББ қосу* - осы мәнді таңдау кезінде өтінімнің берілген түріне тиісті өтінімдер көрсетілетін болады;
 - Барлығы* – таңдау кезінде осы маңызы бар болуы тиіс көрсетілген өтінім бойынша барлық қолда бар түрлері.
- *Мәртебе* – бұл өтініш мәртебелерінің тізімін қамтитын анықтамалық. Осы өрістегі мәндер тізімі «өтінім түрі» өрісіндегі таңдалған мәнге байланысты.

«Тізілімге БББ қосу» мәнін таңдаған жағдайда, осы өрістің тізімінде келесі мәндер қол жетімді болады (әдепкі қалпы бойынша – барлығы):

- a) *Сақталған, бірақ жіберілмеген* - сақталған, бірақ операторға қарастыруға жіберілмеген өтінімдер;
- b) *Қарастырылуда* – Операторға қарастыруға жіберілген өтінімдер;

- c) *Сараптама* – Сарапшыға сараптамаға жіберілген өтінімдер;
 - d) *Түзетуге қайтарылды (Оператор)* – Оператор түзетуге қайтарған өтінімдер;
 - e) *Түзетуге қайтарылды (Сарапшы)* – сарапшылар пысықтауға қайтарған өтінімдер;
 - f) *Түзетілді* – ЖЖОКБҰ пысықтаған өтінімдер;
 - g) *Пысықталды (түсіндірулермен)* – ескертулер бойынша ЖЖОКБҰ түсіндірулермен толықтырған және пысықтаған өтінімдер;
 - h) *Сараптама аяқталды* – сарапшылар растаған және одан әрі шешім қабылдау үшін Операторға жіберілген өтінімдер;
 - i) *Қабылданды* – Оператор растаған және Тізілімге енгізілген өтінімдер;
 - j) *Қабылданбады* – Оператор/Сарапшылар қабылдамаған өтінімдер;
 - k) *Комиссияның шешіміне жіберілді* – бір сарапшы мақұлдаған, басқа сарапшы қабылдамаған және одан әрі комиссия шешім қабылдау үшін Операторға жіберілген өтінімдер.
- *Өтінім берілген күн* – жалауша өріс. Егер сіз осы өріске белгі қойсаңыз, онда «бастап» және «дейін» күндер кезеңін енгізуге арналған өріс көрсетіледі. Өріс өтінімдерді қарастыруға жіберілген күні бойынша іздеуді жүзеге асырады.

Тізілімге БББ қосуға өтінімдерді неғұрлым егжей-тегжейлі іздеу үшін қосымша параметрлерді таңдауды қамтамасыз ететін «Кеңейтілген іздеу» опциясы қарастырылған. Осы опцияға белгі қойғанда, жүйе іздеу сүзгісінің қосымша параметрлерінің келесі тізімін кеңейтуі керек:

- *Білім саласы* - білім салаларының тізімі.
- *Дайындық бағыты* – дайындық бағыттарының тізімі. «Білім беру саласы» өрісіндегі мәнді таңдаудағы белсенді өріс.
- *Білім беру бағдарламаларының тобы* – білім беру бағдарламаларының топтарын қамтитын анықтамалық болып табылады.

Жасалған өтінімді көру/редакциялау бетіне өту үшін өтінім жолындағы  батырманы басу қажет.

«Сақталған, бірақ жіберілмеген» мәртебесі бар өтінімдер үшін жүйеден алып тастау мүмкіндігі қарастырылған. Берілмеген өтінімді жою үшін жолдың соңындағы  батырманы басу қажет. Жүйе растауды қажет ететін «Сіз жазбаны шынымен жойғыңыз келеді ме? ИӘ / ЖОҚ» хабарламасын көрсетеді. Таңдалған әрекетті растаған жағдайда жүйе таңдалған өтінімді жүйенің ДБ-нан жояды.

Ескерту: жіберілмеген өтінімдерді жою мүмкіндігі берілген өтінімді жасаған пайдаланушыға ғана қолжетімді.

2.4.2. «Тізілімге БББ қосу» түрі бойынша өтінім беру

Өтінімнің бұл түрі Оператордың растауымен ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларын Тізілімге қосуға арналған. «Білім беру бағдарламалары тізіліміне өтініштерді беру» модулін «редакциялау» режимінде авторизацияланған пайдаланушының рөліне қосқан жағдайда, сондай-ақ «Тізілімге БББ қосу» түріндегі өтінімдерді беру құқығы» болған кезде модульдің негізгі бетінде ЖЖОКБҰ таңдалған білім беру бағдарламасын Тізілімге қосу үшін өтінім беру мүмкіндігі қолжетімді болуы

Білім саласы

6805 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика

Дайындық бағыты *

68053 Физикалық және химиялық ғылымдар

Білім беру бағдарламаларының тобы *

В054 Физика

Білім беру бағдарламасы *

6805305 Ядролық физика

Оқу жоспары *

Қазақ тілі

Орыс тілі

Ағылшын тілі

БББ мақсаты *

БББ түрі *

Қолданыстағы БББ

УБШ бойынша деңгей *

СБШ бойынша деңгей *

БББ айрықша ерекшеліктері

Қосдипломды БББ

ЖОО типі

Шетелдік ЖОО

ЖОО-серіктес

Дубна мемлекеттік университеті

Берілетін академиялық дәреже *

Оқыту мерзімі *

Кредиттердің көлемі *

Оқыту тілі *

Ғылыми кеңесте БББ бекіту күні *

☐ Кадрлардың дайындық бағыты лицензиясына қосымшаның бар болуы

☐ БББ аккредитеуінің бар болуы

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

№

Оқытудың нәтижесі

Код

Қосу

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Цикл	Компонент	Кредиттер	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтар)
1						

Қақпай

Өтінім беру бетінде төменде сипатталған жолдар болуы тиіс:

- 8

алынған «Білім беру бағдарламасы» өрісінде таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін оқу жоспарларының атауларынан тұратын тізімдік өріс. Тізімде Тізілім үшін ЖЖОКБҰ АЖ берілген, сондай-ақ бұрын Операторға қарастыруға жіберілмеген оқу жоспарлар ғана көрсетіледі.

- БББ мақсаты - толтыру үшін міндетті, үш тілде білім беру бағдарламасының мақсатын енгізуге арналған өріс.
- *БББ түрі* – бұл өрістің мәні интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ-дан беріледі. Берілген БББ үшін ЖЖОКБҰ АЖ-да көрсетілген тиісті мән көрсетіледі. Өтінімді Операторға қарастыруға жіберген кезде осы жолда мәннің болуы міндетті шарт болып табылады.
- *ҰБШ бойынша деңгей* - бүтін сандарды қабылдайтын сандық өріс. Толтыру үшін міндетті өріс.
- *СБШ бойынша деңгей* - бүтін сандарды қабылдайтын сандық өріс. Толтыру үшін міндетті өріс.
- *БББ айрықша ерекшеліктері* – бұл өрістің мәні аталған ЖЖОКБҰ АЖ-дан беріледі. Бұл өріс келесі мәндерді қабылдай алады:
 - а) *Біріккен БББ* – егер осы мән көрсетілсе, жүйе мәндері ЖЖОКБҰ АЖ берілетін қосымша өрістерді көрсетеді:
 - ЖЖОКБҰ типі - бұл өріс «Отандық ЖЖОКБҰ» и «Шетел ЖЖОКБҰ» мәндерін қабылдай алады;
 - ЖЖОКБҰ Серіктес – бұл өрісте ЖЖОКБҰ АЖ берілген БББ үшін көрсетілген тиісті ЖЖОКБҰ атауы көрсетіледі.
 - б) *Қосдипломды БББ* - егер осы мән көрсетілсе, жүйе мәндері ЖЖОКБҰ АЖ берілетін қосымша өрістерді көрсетеді:
 - *ЖЖОКБҰ түрі* - бұл өріс «Отандық ЖЖОКБҰ» и «Шетел ЖЖОКБҰ» мәндерін қабылдай алады;
 - ЖЖОКБҰ серіктес – бұл өрісте ЖЖОКБҰ АЖ берілген БББ үшін көрсетілген тиісті ЖЖОКБҰ атауы көрсетіледі.
 - с) *Жоқ* – егер берілген БББ «Біріккен БББ» және «Қосдипломды БББ» болмағанда, осы мән көрсетіледі.
- *Берілетін академиялық дәреже* - академиялық дәрежелері бар тізімдік өріс.
- *Оқыту мерзімі* - «Берілетін академиялық дәреже» өрісіндегі таңдалған мәнге тәуелді тізімдік өріс, келесі сандық мәндерді қамтиды:
 - а) 1 - бұл сан «Магистр» және «Интерн» мәндері үшін көрсетіледі;
 - б) 1,5 - бұл сан «Магистр» мәні үшін көрсетіледі;
 - с) 2 - бұл сан «Магистр», «Резидент», «Бакалавр» және «Интерн» мәндері үшін көрсетіледі;
 - д) 3 - бұл сан «Доктор» және «Резидент» мәндері үшін көрсетіледі;
 - е) 4 - бұл сан «Резидент» және «Бакалавр» мәндері үшін көрсетіледі;
 - ф) 5 – бұл сан «Бакалавр», «Резидент» және «Маман» мәндері үшін көрсетіледі.
- *Кредиттердің көлемі* - білім беру бағдарламасын меңгеру үшін кредиттердің жеткілікті санын енгізуге арналған сандық өріс.
- *Оқыту тілі* - бірнеше мәндерді таңдау мүмкіндігі бар тізімдік өріс. Бұл өрісте берілген БББ қандай оқыту тілдерін қамтитынын көрсету қажет.

- *Ғылыми кеңесте БББ бекіту күні* - бұл өрісте ЖЖОКБҰ Ғылыми кеңесінде БББ бекіту күнін көрсету керек.
- *Кәсіби стандарт / СБШ негізінде* - жалауша өрісі. Өрісте белгі қойылған кезде жүйе қосымша "бекіту күні" өрісін көрсетуі тиіс, онда кәсіби стандартты бекіту күнін көрсету қажет.
- *Кадрлардың дайындық бағыты лицензиясына қосымшаның бар болуы* – жалауша өріс. Өрісте белгі қойылған кезде, жүйе «лицензия нөмірі» қосымша жолын көрсетуі тиіс, онда ЖЖОКБҰ БББ дайындық бағытына берілген лицензияның нөмірін көрсету қажет.
- *БББ аккредиттеуінің бар болуы* – осы өрістің белгісі ЖЖОКБҰ БББ қолданыстағы аккредиттеудің бар болуын білдіретін жалауша өрісі.

«Қалыптасатын оқыту нәтижелері» блогы – осы блокта оқытудың тиісті нәтижелерін (бұдан әрі - РО) қосу мүмкіндігі берілген. Білім беру бағдарламасының ОН қосу үшін «Қосу» батырмасын басу керек, содан кейін жүйе ОН сипаттамасын енгізу үшін төмендегі өрістерді көрсетеді:

- *Оқыту нәтижесі* - ОН сипаттамасын үш тілде енгізуге арналған көп жолды мәтін өрісі;
- *Код* – бұл өрісте жүйе құрған ОН коды көрсетіледі (өріс редакциялау үшін бұғатталған):
 - а) ОН кодын қалыптастыру кезінде жүйе «ОН» (оқу нәтижелері) аббревиатурасын алады және оған өтінім шеңберінде оқыту нәтижесінің реттік нөмірін қосады. Код ОН сақтаған кезде қалыптасады.

ОН сипаттамасын сақтау үшін жолдың соңындағы «Сақтау» батырмасын басу қажет. «Сақтау» батырмасы пайдаланушы берілген жолдағы барлық қажетті өрістерді толтырғанға дейін таңдау үшін белсенді емес.

Осы блокта қосылған ОН «Пәндер туралы мәліметтер» блогының кестесінде БББ пәндерін қалыптасатын оқыту нәтижелерімен салыстыру үшін көрсетіледі.

Енгізілген ОН редакциялау үшін  белгіше батырмасына жүгіну керек. Осы батырмаға жүгінген кезде, жүйе енгізілген ОН сипаттамасын редакциялауға мүмкіндік береді.

Қосылған ОН жою үшін,  батырмасын басу керек. Осы белгіше батырмасына жүгінген кезде, жүйе орындалатын әрекетті «Сіз бұл жазбаны шынымен жойғыңыз келе ме? ИӘ / ЖОҚ» хабарламасы түрінде растауды сұрайды. Таңдалған әрекетті растаған жағдайда, жүйе енгізілген деректермен бірге берілген жолды жояды. Осы блоктағы жазбаны жойған кезде, төменде сипатталған «Пәндер туралы ақпарат» блогының кестесінен де жойылады.

«Пәндер туралы мәліметтер» блогы – бұл блок ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламасының оқу жоспарының «Оқу жоспары» жолында берілген пәндердің тізімін келесі параметрлер бойынша кесте түрінде қамтиды:

- *Пән атауы* – интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған білім беру бағдарламасының оқу жоспарындағы тиісті пәннің атауы.
- *Пәннің қысқаша атауы* – интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы

ЖЖОКБҰ АЖ алынған берілген пән туралы қысқаша ақпарат көрсетіледі.

- *Пән циклі* - интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған берілген пән циклі көрсетіледі.
- *Компонет* - интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған берілген пән компоненті көрсетіледі. Төмендегі компоненттерге сәйкес пәндер көрсетіледі:
 - а) *ЖООК* - жоғары оқу орын компоненті;
 - б) *ТБК* - таңдау бойынша компонент.
- *Кредиттер* – интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы ЖЖОКБҰ АЖ алынған берілген пәнге берілетін кредиттер саны көрсетіледі.

«Пәндер туралы мәліметтер» блогында 3-суретте көрсетілгендей БББ оқу жоспарының пәндерімен ОН байланыстыру мүмкіндігі қарастырылған.

Пәндер туралы мәліметтер						
№	Пәнің атауы	Пәнің қысқаша сипаттамасы	Цикл	Компонент	Кредиттер	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтар)
						ОН1ОН2ОН3
1	Төменгі энергиядағы ядролық физика	Төменгі энергиядағы ядролық физика	ЖББП	ЖООК	3	☐ ☒ Оқу нәтижелері 2 ☐
2	Ядролық физика және радиацияның затпен әсерлесуі	Ядролық физика және радиацияның затпен әсерлесуі	ЖББП	ТБК	3	☐ ☐ ☐
3	Атом физикасы және спектроскопия	Атом физикасының заңдарын тұжырымдау, атомдық және молекулалық спектрлердің физикалық табиғатын сипаттау, атом физикасының эксперименттік базасын меңгеру, бақылау әдістерін және эксперименттік зерттеу әдістерін меңгеру.	НП	ЖООК	3	☐ ☐ ☐
4	Атомдық реакторлар және ядролық энергетика	Оқу пәнінің мақсаты-студенттердің ядролық энергияны алу үшін негізгі қондырғылар ретінде реакторлардың физикасы мен техникасын, сонымен қатар қазіргі заманғы Өнеркәсіпте қолданылатын ядролық реакторлардың негізгі типтерінің жұмыс істеу ерекшеліктері мен жұмыс істеу принциптерін анықтайтын физикалық процестерді тереңдете білу.	КП	ЖООК	4	☐ ☐ ☐
5	Ядролық медицина	Ядролық медицина	КП	ТБК	3	☐ ☐ ☐
4						

Сақтау

Жіберу

Сурет 3. Білім беру бағдарламасының оқу жоспарындағы пәндердің ОН ара қатынасы

«Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары)» бағанындағы кіші бағандар «Қалыптасатын оқыту нәтижелері» блогына енгізілген тәртібінде тиісті ОН коды бойынша аталады. Курсорды кіші бағанның (ОН коды) атауына апарған кезде жүйе ОН сипаттамасы бар хабарламаны көрсетеді. «Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары)» бағанының әр ұяшығында жазылмаған, әдепкі қалпы бойынша белгіленбеген жалауша өрісі бар. Ұяшыққа қойылған белгі көрсетілген жолға сәйкес келетін БББ пәні таңдалған бағанға сәйкес келетін оқыту нәтижесін қалыптастыратындығын білдіреді. Бір пән бірнеше оқыту нәтижелерін қалыптастыра алады, сонымен қатар бір ОН бірнеше пәндерге қатысты болуы мүмкін.

Беттің соңында енгізілген мәндерді сақтайтын «Сақтау» батырмасы бар. Барлық қажетті нышан өрістері толтырылған болса, «сақтау» батырмасы белсенді түрде көрсетіледі. «Сақтау» батырмасына алғаш рет жүгінген кезде, жүйе өтінімге «сақталған, бірақ жіберілмеген» мәртебесін береді.

«Сақтау» батырмасы «Білім беру бағдарламалары тізіліміне өтінімдер жіберу» модулі «Редакциялау» режимінде қосылғанда, сондай-ақ өтінім «Сақталды, бірақ жіберілмеді», «Түзетуге қайтарылды (Оператор)» немесе «Түзетуге қайтарылды (Сарапшы)» мәртебесіне ие болғанда көрсетіледі.

Ескерту: өтінімді бастапқы сақтағаннан кейін жүйе ЖЖОКБҰ АЖ

алынған мәндерді (пәндер тізімін) тіркейді және сақтайды және ЖЖОКБҰ АЖ-ның жағына енгізілген өзгерістер ескеріледі. Өтінімді сақтау алдында ЖЖОКБҰ АЖ алынған БББ оқу жоспарының пәндері туралы мәліметтердің дұрыстығына және толықтығына көз жеткізу қажет.

2.4.2.1. «Пәндер тізімін жаңарту» батырмасы әрекетінің сипаттамасы

«Пәндер туралы мәліметтер» блогында қателер және дұрыс емес деректер анықталған жағдайда ЖЖОКБҰ қызметкері ағымдағы ЖЖОКБҰ АЖ деректерге сәйкес пәндер тізімін жаңарта алады. Ол үшін «Пәндер туралы мәліметтер» блогында «Пәндер тізімін жаңарту» батырмасы қолжетімді, ол берілген ЖЖОКБҰ АЖ ағымдағы мәндерге сәйкес оқу жоспарындағы пәндер тізімін жаңартуға мүмкіндік береді. Яғни, егер ЖЖОКБҰ АЖ өңделген мәндерді алу қажет болса, осы әрекетті орындау қажет. Батырма өтінімге «Сақталды, бірақ жіберілмеді» немесе «Түзетуге қайтарылды (Оператор)» немесе «Түзетуге қайтарылды (Сарапшы)» мәртебесі берілсе қолжетімді болады».

Осы батырманы басқан кезде, жүйе «Назар аударыңыз! Осы әрекетті орындағаннан кейін «Пәндер туралы мәліметтер» блогындағы БББ пәндерінің оқу нәтижелерімен арақатынасының барлық белгілері жойылады. Сіз бұл әрекетті шынымен орындағыңыз келеді ме? Жалғастыру / Болдырмау» ескерту хабарламасын көрсетеді. Әрекетті растағаннан кейін, жүйе:

- ЖЖОКБҰ АЖ алынған деректерге сәйкес берілген білім беру бағдарламасының берілген оқу жоспары пәндерінің тізімін, оның ішінде оқу жоспары пәндерінің қысқаша сипаттамасын жаңартады.
- Пәндердің ОН арақатынасының барлық белгілерін, сондай-ақ сарапшының тексеру нәтижесін жоққа шығарады.
- Таңдау үшін белсенді емес «Пәндер тізімін жаңарту» батырмасын көрсетеді. Батырма бір сақтаудан кейін таңдау үшін қол жетімді болады.

2.4.2.2. «Жіберу» батырмасы әрекетінің сипаттамасы

Өтінімді алғаш сақтағаннан кейін Операторға қарастыру үшін Тізілімге БББ қосу түрі бойынша өтінімді жіберуге бастамашылық ететін «Жіберу» батырмасы көрсетіледі. «Жіберу» батырмасы:

- «Білім беру бағдарламалары тізіліміне өтініш беру» модулі «Редакциялау» режимінде қосылғанда;
- Өтінім «Сақталды, бірақ жіберілмеді», «Түзетуге қайтарылды (Оператор)» немесе «Түзетуге қайтарылды (Сарапшы)» мәртебесіне ие болғанда көрсетіледі.

«Жіберу» батырмасы өтінім нысанының барлық қажетті өрістері толтырылған жағдайда, таңдау үшін қол жетімді.

«Жіберу» батырмасына жүгінген кезде, жүйе:

- Барлық оқыту нәтижелерінің БББ оқу жоспарының тиісті пәндерімен сәйкестігін тексереді. Егер кем дегенде бір пән тиісті оқу нәтижесімен байланысты болмаса, жүйе «Оқытудың барлық нәтижелерін білім беру бағдарламасының пәндерімен байланыстыру қажет» хабарламасын

көрсетеді және өтінімді қарастыруға жібермейді.

- Егер шарт орындалса, растауды талап ететін «Сіз шынымен өтінімді қарастыруға жібергіңіз келеді ме? ИӘ / ЖОҚ» хабарламасы пайда болады. Таңдалған әрекетті растаған жағдайда, жүйе:
 - Өтінімге «Қарастырылуда» мәртебесін береді;
 - «Өтінім сәтті жіберілді» хабарламасы көрсетіледі.

Өтінімді қарастыруға жібергеннен кейін, өтінімді редакциялау қол жетімсіз болады.

2.4.3. Тізілімге БББ қосуға жасалған өтінім бетінің сипаттамасы

Тізілімге БББ қосу үшін жасалған өтінімнің бетіне өткеннен кейін, өтінім беру бетіне ұқсас бет көрсетіледі. Өтінім өрістері тізімінің үстінде өтінімнің келесі параметрлерін қамтитын «Тіркеу деректері» блогы көрсетіледі (көру режимінде):

- *Өтінім түрі* - өтінімнің тиісті түрі көрсетіледі.
- *Мәртебе* - бұл өтінімнің ағымдағы мәртебесін көрсетеді.
«Түзетуге қайтарылды (Оператор)», «Түзетуге қайтарылды (Сарапшы)» және «Қабылданбады» мәртебесі үшін мәртебесі бар жолда өрістетілетін мәтін түрінде белгіше пайда болады, оған жүгінген кезде, жүйе ЖЖОКБҰ БББ төлқұжатын түзетуге немесе қабылдамауға жіберген кезде көрсетілген негіздеменің мәтінін ашады (Сурет 4). Белгішеге қайта жүгінген кезде, мәтін бүктелуі керек.
- *Мәртебе берілген күн* - өтінімнің ағымдағы мәртебесін беру күні мен уақыты.
- *Жіберуші* – өтінім мәртебесін беру бойынша соңғы әрекетке бастамашы болған пайдаланушының (ЖЖОКБҰ өкілінің) Т.А.Ә.

Тіркеу деректері			
Өтінімнің түрі Мәртебенің берілген күні Жіберуші	Регистрге БББ қосу 30.06.2021 12:12 Predstavitel_Vuzo_ENU	Мәртебе Сарапшымен түзетуге қайтарылды (саны)	Түзетуге қайтарылды (Сарапшы) 1 Өтінімнің өзгеру тарихы

Сурет 4. «Тіркеу мәліметтері» блогі

Өтінім мәртебесіне сәйкес өтінімді редакциялауға қол жеткізуге болады:

- Өтінімді сақтау және Операторға қарастыруға жіберу мүмкіндігімен нысан өрістерін редакциялауға толық қолжетімділік – *«Сақталды, бірақ жіберілмеді»* мәртебесі;
- Редакцияланған өтінімді Операторға қарастыруға жіберуге және өтінім нысаны өрістерін редакциялауға ішінара қолжетімділік – *«Түзетуге қайтарылды (Оператор)», «Түзетуге қайтарылды (Сарапшы)»* мәртебелері;
- Нысан өрістерін редакциялауға шектелген қол жетімділік (көру режимі) – *«Қарастырылуда», «Сараптама», «Түзетілді», «Сарапшымен расталды», «Расталды», «Қабылданбады»* мәртебелері.

Ескертпе: Оператор Тізілімге ЖЖОКБҰ БББ қосқаннан кейін, жүйе ЖЖОКБҰ АЖ интеграциялық өзара әрекеттесу арқылы берілген БББ «Тізілімге БББ қосылды» тиісті мәртебесін береді.

2.5. «Білім беру бағдарламалары» бөлімі

Бұл модуль Тізілімге қосылған ЖЖОКБҰ БББ тәлқұжаттарын көруге арналған. Тізімде авторизацияланған пайдаланушы жататын ЖЖОКБҰ БББ көрсетіледі.

Пайдаланушы рөліне «Білім беру бағдарламаларының тізілімі (ЖЖОКБҰ өкілі)» модулін қосқан жағдайда негізгі мәзір тізімінде «БББ Тізілімі» модулі қолжетімді болуы тиіс, оған жүгінген кезде «Білім беру бағдарламаларының тізілімі» кіші модулі бар ашылмалы тізім ашылады. Субмодульдің атауына өту кезінде модульдің негізгі беті ашылады (Сурет 5). Бұл бетте Тізілімге қосылған ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының тәлқұжаттарын көру үшін қол жетімді.

Білім беру бағдарламаларының реестрі

Өтінімдердің тізімі

Бастапқы бет

Білім беру бағдарламасының атауы бойынша іздеу

БББ түрі: Барлығы

Өтінімнің түрі: Барлығы

Мәртебе: Барлығы

Өтінімді беру күні: бастап 28-06-2021, дейін 01-07-2021

Кенейтілген іздеу

Табылған жаңбалар: 4

Білім беру бағдарламасының атауы	БББ түрі	Өтінімнің түрі	Мәртебе	Өтінімді беру күні
6806306 Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	Қолданыстағы БББ	Реестрге БББ қосу	Қарастырылуда	30.06.2021 12:17
6807345 Классикалық архитектура	Жаңа БББ	Реестрге БББ қосу	Қабылданды	29.06.2021 16:17
6807345 Классикалық архитектура	Жаңа БББ	Реестрге БББ жаңарту	Қарастырылуда	29.06.2021 16:37
6805305 Ядролық физика	Қолданыстағы БББ	Реестрге БББ қосу	Түзетуге қайтарылды (Сарапшы)	30.06.2021 12:11

10 20 30

Сурет 5. «Білім беру бағдарламалары» бөлімі

ЖЖОКБҰ БББ тәлқұжаттары Тізілімдегі БББ тәлқұжаттарының мәртебесіне байланысты кесте түрінде көрсетіледі. «Қосылған БББ» («Мәртебе» өрісі) мәнін таңдаған жағдайда, БББ тәлқұжаттары төмендегі бағандар бойынша көрсетіледі:

- *Білім беру бағдарламасының атауы* – Тізілімге қосылған ЖЖОКБҰ БББ атауы. Өріс БББ тәлқұжатын көру бетіне көшуді бастайтын белсенді сілтеме түрінде жүзеге асырылады;
- *БББ түрі* – ЖЖОКБҰ БББ тәлқұжаты нысанында көрсетілген БББ тиісті түрі;
- *Мәртебе* – білім беру бағдарламасының ағымдағы мәртебесі (Қосылған БББ / Шығарылған БББ);
- *Тізілімге тіркеудің күні* – Оператордың берілген БББ Тізілімге қосқан күні;
- *БББ тәлқұжатын жаңарту күні* – берілген БББ тәлқұжатын Тізілімде соңғы жаңарту күні, яғни Оператордың «Тізілімде БББ жаңарту» түрі бойынша соңғы өтінімді растау күні/уақыты. Егер берілген БББ бойынша «Тізілімде БББ жаңарту» түрі бойынша өтінім болмаса, бұл өрісте сызықша («-») көрсетіледі.

«Шығарылған БББ» («Мәртебе» өрісі) мәнін таңдаған жағдайда БББ тәлқұжаты төмендегі бағандар бойынша көрсетіледі:

- *Білім беру бағдарламасының атауы* – Тізілімге қосылған ЖЖОКБҰ БББ атауы. Өріс БББ тәлқұжатын көру бетіне көшуді бастайтын белсенді сілтеме түрінде жүзеге асырылады;

- *БББ түрі* – ЖЖОКБҰ БББ төлқұжаты нысанында көрсетілген БББ тиісті түрі;
- *Мәртебе* - білім беру бағдарламасының ағымдағы мәртебесі.
- *Тізілімге тіркеудің күні* - Оператордың берілген БББ Тізілімге қосқан күні.
- *Тізілімнен шығару күні* - берілген БББ төлқұжатын Тізілімнен шығару күні, яғни Оператордың «Тізілімнен БББ алып тастау» түрі бойынша өтінімді растау күні немесе оператордың БББ дербес алып тастау күні.

Жазбаларды сұрыптау үшін іздеу сүзгісі келесі параметрлер бойынша берілген:

- *Іздеу* - енгізілген символдар бойынша білім беру бағдарламаларының атауы арқылы іздеу мүмкіндігі;
- *ЖЖОКБҰ (Әзірлеуші)* - қазіргі ЖЖОКБҰ анықтамалығы болып табылады;
- *Білім саласы* - білім салаларының тізімін қамтитын тізімдік өріс;
- *Дайындық бағыты* - дайындық бағыттарының тізімін қамтитын тізімдік өріс;
- *Білім беру бағдарламаларының тобы* - Білім беру бағдарламалары тобының тізімін қамтитын тізімдік өріс;
- *Тізілімге тіркеудің күні* – «бастап» және «дейін» күндер кезеңін енгізу. Тізілімге БББ қосу күні, яғни «Тізілімге қосу» әрекетін растау күні ескеріледі.

Әрі қарай, «Кеңейтілген іздеу» белгі қойылған кезде, қосымша іздеу сүзгісі өрістерінің келесі тізімі кеңейтіледі:

- *БББ түрі* - мәндері бар анықтамалық (әдепкі қалпы бойынша - барлығы):
 - а) Қолданыстағы БББ;*
 - б) Жаңа БББ;*
 - с) Инновациялық БББ;*
 - д) Барлығы.*
- *Мәртебе* - мәндері бар тізімдік өріс:
 - а) Шығарылған БББ* – білім беру бағдарламалары тізілімінен шығарылған БББ;

б) Қосылған БББ – білім беру бағдарламалары тізіліміне қосылған БББ.

«Қосылған БББ» мәндері үшін келесі қосымша жалауша өрісі көрсетіледі:

- *Жаңартылған БББ* – осы өрісте белгі қою кезінде Тізілімге қосылған, жаңартылған БББ, яғни жүйеде «Тізілімде БББ жаңарту» түрі бойынша кем дегенде бір расталған өтінім бар БББ ғана көрсетіледі. Осы өріс үшін БББ төлқұжатын жаңарту күні бойынша іздеуге арналған келесі қосымша өріс көрсетіледі:
 - а) Жаңарту күні* – «бастап» және «дейін» күндер кезеңін енгізу. Тізілімде БББ жаңарту күні, яғни оператордың «Тізілімде БББ жаңарту» түрі бойынша берілген БББ үшін өтінімді растау күні ескеріледі.

БББ атауы сілтемесі бойынша ауысқан кезде 6-суретте көрсетілгендей ЖЖОКБҰ БББ төлқұжатын көру беті көрсетіледі:

Білім беру бағдарламаларының реестрі

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

» Бастапқы бет

Артқа

Реестрде тіркеудің күні

30.06.2021

Тіркеу нөмірі

6805300002

Білім саласы

6805 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика

Дайындық бағыты

68053 Физикалық және химиялық ғылымдар

Білім беру бағдарламаларының тобы

8054 Физика

Білім беру бағдарламасы

6805305 Ядролық физика

БББ мақсаты

Мақсат міндетті түрде үш тілде жазылуы тиісі

БББ түрі

Қолданыстағы БББ

УБШ бойынша деңгей

8

СБШ бойынша деңгей

7

БББ айрықша ерекшеліктері

Қосдипломды БББ

ЖОО типі

Шетелдік ЖОО

ЖОО-серіктес

Дубна мемлекеттік университеті

Оқыту тілі

орыс қаззақ ағылшын

Кредиттердің көлемі

240

Берілетін академиялық дәреже

Бакалавр

Оқыту мерзімі

4

Ғылыми кеңесте БББ бекіту күні

03.06.2021

Кадрлардың дайындық бағыты лицензиясына қосымшаның бар болуы

Дайындық бағытына лицензиясының нөмірі

afasda3655465AAA

БББ аккредиттеуінің бар болуы

Қалыптасатын оқыту нәтижелері

№	Оқытудың нәтижесі	Код
1	Оқу нәтижелері 1	ON1
2	Оқу нәтижелері 2	ON2
3	Оқу нәтижелері 3	ON3

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Цикл	Компонент	Кредиттер
1	Төменгі энергиядағы ядролық физика	Төменгі энергиядағы ядролық физика	ЖББП	ЖООК	3
2	Ядролық физика және радиацияның затпен әсерлесуі	Ядролық физика және радиацияның затпен әсерлесуі	ЖББП	ТБК	3
3	Атом физикасы және спектроскопия	Атом физикасының заңдарын тіржірмейдәу, атомдық және молекулалық спектрлердің физикалық табиғатын сипаттау, атом физикасының эксперименттік базасын меңгеру, бақылау әдістерін және эксперименттік зерттеу әдістерін меңгеру.	НП	ЖООК	3
4	Атомдық реакторлар және ядролық энергетика	Оқу пәнінің мақсаты-студенттердің ядролық энергияны алу үшін негізгі қондырғылар ретінде реакторлардың физикасы мен техникасын, сонымен қатар қазіргі заманғы Энергетика қолданылатын ядролық реакторлардың негізгі типтерінің жұмыс істеу ерекшеліктері мен жұмыс істеу принциптерін анықтайтын физикалық процестерді тереңдете білуі.	КП	ЖООК	4
5	Ядролық медицина	Ядролық медицина	КП	ТБК	3

Сурет 6. «Білім беру тізілімі» бөлімі БББ төлқұжаты